



Президент «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының басқарма төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысына Қордың биыл атқарған жұмысының нәтижелері туралы мәлімет берілді. Нұрлан Жақыпов Қор тобының инвестициялық портфелінде жалпы сомасы 53 триллион теңге болатын 130-ға жуық жоба бар екенін айтты. Соның ішінде осы жылы CASPI BITUM зауытының қуатын арттыру, 50 МВт-тық күн электр стансасы және Кендірлі елді мекенінде су тұщытатын зауыт салу жобалары жүзеге асырылды. Жыл соңына дейін 1,1 триллион теңгеге 9 ірі жобаны аяқтап, пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Президентке Жетісу облысындағы 84 елді мекенге көгілдір отын жеткізетін Талдықорған-Үшарал магистральді газ құбырының, Ақтау-

дағы контейнер хабы мен Алматыдағы Zhetysu логистикалық терминалының, сондай-ақ Sany Re компаниясымен бірлесе жел генераторларына арналған қондырғылар шығаратын зауыттың іске қосылғаны жөнінде мәлімет берілді.

Нұрлан Жақыпов берген мәліметке сәйкес, биыл 10 айдың ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ сағатына 31 миллиард кВт электр энергиясын өндірді. Бұл Қазақстандағы жалпы өндірістің 31 пайызын құрайды. «Самұрық-Энерго» АҚ құрамына кіретін электр стансаларының қуаты 7845 МВт-қа жетті.

2023-2025 жылдар аралығында әлеуметтік жобаларды қолдауға және қайырымдылық шараларына 1,5 трил-

лион теңге бөлінген. Бұл қаржы медициналық нысандарға, сондай-ақ 55 оңалту орталығының, 31 инклюзия кабинетінің, 18 спорт кешенінің, мәдени және білім беру мекемелерінің құрылысына жұмсалды. «Таза Қазақстан» бастамасы аясында 5,8 миллион түп тал егілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының отандық бизнесті өркендетуге қатысты бастамалары туралы баяндалды.

Мемлекет басшысы Қор жұмысының тиімділігін арттыру, инвестициялық жобаларды сапалы іске асыру және ұлттық активтердің ұзақ мерзімді орнықты дамуын қамтамасыз ету бойынша бірқатар тапсырма берді.

Серіктестіктің он жылдығын қорытындылады

Еліміздің Сыртқы істер министрі Ермек Көшербаев пен Еуропалық одақтың Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғары өкілі Кая Калластың төрағалығымен «Қазақстан-Еуропалық одақ» ынтымақтастық кеңесінің 22-отырысы өтті.

Іс-шараның маңыздылығы Қазақстан мен Еуропалық одақ және оның мүше мемлекеттері арасындағы Кеңейтілген серіктестік пен ынты-

тықты тереңдетуге дайын екенін жеткізді.

Жеке бағыт ретінде «жасыл» және цифрлық трансформация саласындағы өзара іс-қимыл талқыланды. Тараптар бұл бағыттың Қазақстан экономикасының жаңғыртылуына және Еуропаның өнеркәсіптік тұрақтылығына бірдей үлес қосатын перспективалы сала екенін атап өтті.

Отырысқа қатысушылар парламенттік ынтымақтас-



мақтастық туралы келісімге қол қойылуының 10 жылдығына орай өткізілуімен ерекше айшықталды.

Тараптар Астана мен Брюссель арасындағы стратегиялық серіктестіктің он жылдық нәтижелерін қорытындылап, оның болашақтағы дамуы жөніндегі көзқарастарымен бөлісті.

Отырыс барысында экономикалық байланыстар ынтымақтастықтың негізгі қозғаушы күші болып қала беретіні айтылды. Себебі Еуропалық одақ еліміздің ең ірі сауда және инвестициялық серіктесі мәртебесін сақтап отыр. Өткен жылы өзара тауар айналымы 50 млрд долларға жақындады, ал еуропалық инвестициялардың жалпы ағыны 200 млрд долларға жетті. Біздің елде еуропалық қатысуы бар 4 мыңнан астам компания жұмыс істейді. Сыртқы істер министрі сауданы одан әрі әртараптандыруға дайын екенін жеткізіп, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің ЕО нарығына қол жеткізуді кеңейтудің маңыздылығын атап өтті.

Ерекше назар Транскаспий халықаралық көлік бағдарын («Орта дәліз») дамыту мәселесіне аударылды. Ғаламдық жеткізу тізбектерінің трансформациясын ескере отырып, тараптар бұл бағыттың Еуропа мен Азия арасындағы сенімді әрі тұрақты көлік дәлізі ретіндегі стратегиялық маңызын растады. Қазақстан бұл коридорды одан әрі дамыту үшін ЕО және өңірлік серіктестермен ынтымақтас-

тықтың маңызына да тоқталып, қараша айында Брюссельде өткен «ҚР – ЕО» парламенттік ынтымақтастық комитетінің 22-отырысының табысты өткенін жоғары бағалады.

Адамдар арасындағы байланыстарды кеңейтуге ерекше назар аударылды. Тараптар 2 желтоқсанда Брюссельде Қазақстан азаматтары үшін ЕО визалық режимін жеңілдету және реадмиссия туралы келіссөздерді бастауды құптады. Бұл қадам гуманитарлық байланыстарды нығайтуға, студенттер, ғалымдар мен кәсіби мамандар үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге, сондай-ақ азаматтардың мобильдігін арттыруға елеулі үлес қосады.

Отырыс барысында делегация басшылары Қазақстан мен Еуропалық одақтың кемелденген, орнықты және болашаққа бағытталған серіктестік құра алғанын атап өтті. 29 негізгі өзара іс-қимыл бағытын қамтитын Кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісім осы жылдар ішінде өз тиімділігі мен өзектілігін көрсетіп, ынтымақтастық пен өзара сенімді нығайтудың берік негізіне айналды.

Кездесу соңында Е.Көшербаев пен К.Каллас саяси диалогті одан әрі нығайтуға, сауда мен инвестицияларды дамытуға, өңірлік өзара байланыстылықты арттыруға және гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты тереңдетуге бейілді екенін растады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Киік санын реттеу мәселесі қаралды

Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен киіктер популяциясын тұрақты басқаруға қатысты өткізілген іс-шаралардың қорытындылары тыңдалды.

Кеңесте Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері сөз сөйледі. Экология министрлігінің деректеріне сүйенсек, елдегі киіктердің саны бүгін рекордтық деңгейге жетті. Қазір 4 млн болса, төлдеген соң шамамен 5 млн-ға жетеді. Осындай қарқынды өсуді ескере отырып, уәкілетті органдар Зоология институты дайындаған биологиялық негіздеме негізінде ауыл шаруашылығына зиян келтірмеу, экожүйелік тепе-теңдікті сақтау мақсатында жануарлар санын тұрақты басқару жөнінде іс-шаралар жүргізді.

Биылғы 1 шілдеден 30 қарашаға дейін 196 мыңға жуық киік ұшасы отандық өт өңдеу кәсіпорындарына берілді. Жұмыстар ғылыми ұсынымдарға сәйкес қатаң түрде жүргізілді.

Дериваттарды есепке алуға әрі сақтауға ерекше назар аударылады. Киіктердің мүйізі



таңбаланып, министрлікке қарасты «Охотзоопром» ӨБ РМҚК ұйымында күшейтілген күзет пен мамандандырылған инфрақұрылым жағдайларында сақталады.

Дериваттарды цифрлық таңбалау мен халықаралық реттеу мәселелері жеке қаралды. «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп толық қадағалауды әрі заңды айналымды қамтамасыз ететін киік мүйіздерін таңбалау жобасы жүзеге асырылып жатыр. Ұсынылған жүйе

CITES Халықаралық конференциясында қолдау тапты әрі отандық дериваттардың экспортына шектеулерді кезең-кезеңімен алып тастауға негіз ретінде қарастырылады.

Жиын қорытындысында Роман Скляр Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға 2026 жылға киік санын тұрақты басқаруға дайындық бойынша шаралар қабылдауды, сондай-ақ CITES шешімдерін ескере отырып, дериваттардың таңбалануы мен айналымы жөніндегі нормативтік базаны қалыптастыруды аяқтауды тапсырды.

Жалпы өнім көлемін ұлғайтудан озат аудан атандық

Түркістан қаласында Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні құрметіне «AGROFEST ТҮРКІСТАН – 2025» мерекелік іс-шарасы өтті. Ауқымды шара аясында өңір диқандарының 300 тоннадан астам өнімі ұсынылған ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі, қайта өңдеу кәсіпорындарының көрмесі және «Ауыл аманаты» жобасы



арқылы жүзеге асқан өнімдер көпшілік назарына ұсынылды.

Салтанатты жиынға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, сала мамандарын кәсіби мерекемен құттықтады. Ауыл шаруашылығы саласында жоғары нәтиже көрсеткен аудандар мен еңбек озаттарына арнайы марапаттар табыс етті.

Созақ ауданы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін арттыру бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Облыс бойынша III орынға ие болып, аграрлық салада үздік аудан ретінде танылды. Сонымен қатар, «Алатау» шаруа қожалығының төрағасы Есбол Нахшбекұлы «Жылдың үздік түйе өсірушісі» номинациясымен марапатталды.

Әлеуметтік нысандарды жаңғырту жұмыстары қарқын алуда

Созақ ауданына «КАТКО» БК ЖШС және Orano Mining компаниясы басшылығының жұмыс сапары өтіп, 2024-2025 жылдары іске асырылып жатқан әлеуметтік жобалардың барысы таныстырылды. Іс-шараға Orano Mining аға вице-президенті Ксавье Сен-Мартен Тийе, КАТКО Бас директоры Закария Эль Марзуки, аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов және КАТКО коммуникациялар

жүйесіне түсетін салмақ азайды. Аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов бұл бағдарламаның маңызын атап өтіп, алғысын жеткізді.

Бұдан кейін делегация Жеткіншек мөлтек ауданында апатты деп танылған тұрғын үйдің орнына «Жаңғырту» бағдарламасы аясында салынып жатқан 2 қабатты, 16 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы-



және КӘЖ басқармасының басшысы Айнаш Шеңгелбаева қатысты.

Сапар барысында делегация Шолаққорған ауылындағы Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектепке барды. Биыл КАТКО компаниясының қаржыландыруымен оқу корпусының сыртқы фасады заманауи металпанельмен қапталып, ғимараттың жылу оқшаулау деңгейі айтарлықтай күшейтілді. Құны 46 млн теңгеден асқан жобаның нәтижесінде мектептің ішкі температуралық режимі тұрақталып, жылыту

мен танысты. Жоба КАТКО және «Қазатомпром-Сауран» компанияларының бірлескен қаржыландыруымен жүзеге асуда: КАТКО–200 млн теңге, серіктес компания–186 млн теңге. Құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Нысан жақын уақытта тұрғындар игілігіне беріледі.

Өндіріс орындары тарапынан жүзеге асып жатқан әлеуметтік инвестициялар аудан инфрақұрылымын жаңартуға және әлеуметтік нысандардың жай-күйін көтеруге елеулі үлес қосуда.

«КАТКО» БК ЖШС және Orano Mining компаниясы басшылығының жұмыс сапары Таукент кентінде жалғасты. Orano Mining аға вице-президенті Ксавье Сен-Мартен Тийе, КАТКО Бас директоры Закария Эль Марзуки, аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов және КАТКО коммуникациялар және КӘЖ басқармасының басшысы Айнаш Шеңгелбаева І.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектепте болды. КАТКО ұсынған жаңа интерактивті оқу жабдықта-



Сапалы білім алуға жағдай жасалуда

рымен танысты.

Orano Mining стратегиясы аясында жүзеге асырылып жатқан білім беру жобасы Тасты, Шу және Таукент мектептеріндегі 10 оқу кабинетін жаңғыртуды қамтиды. Жобаның жалпы құны 104 млн теңгеден асады, оның ішінде Таукентке бағытталған инвестиция көлемі 39,5 млн теңге.

Делегация толық жаңғыртылған Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі және физика кабинеттерін аралап көрді. Кабинеттер интерактивті 4К панельдермен, компьютерлермен, мультимедиялық жүйелермен, жаңа парталар және орындықтармен жабдықталды. Тарих кабинеті жаңа карталар мен әдістемелік материалдар жинағымен толықты. Физика кабинеті 100-ден астам зертханалық құралдармен, датчиктермен және модель-

деу бағдарламалық жасақтамасымен қамтамасыз етілді. Қазақ және орыс тілі кабинеттері заманауи цифрлық оқыту технологияларымен жабдықталған.

Білім саласынан бөлек, КАТКО компаниясы Созақ ауданында әлеуметтік қолдау шараларын жүйелі түрде жалғастырып келеді. Аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету, балаларға жаңа жылдық сыйлықтар тарату, ардагерлерге газет-журнал жазылымын қамтамасыз ету, студенттерге стипендиялық қолдау, қыс мезгілінде жүздеген отбасына көмір жеткізу және көгалдандыру мен жарықтандыру жобаларын атқарып келеді. 2025 жылғы әлеуметтік бағдарламалар бюджеті 300 млн теңгеге жуық. Жалпы, компания өңірде 6,3 млрд теңгеге жуық 450-ден астам жобаны іске асырған.

Аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов компания

тарапынан көрсетілген қолдаулар үшін алғысын білдірсе, КАТКО Бас директоры Закария Эль Марзуки білім беру саласы компанияның басым бағыттарының бірі екенін атап, алдағы уақытта да қолдауды жалғастыратынын жеткізді.

Еске сала кетейік, биылғы жылдың 22 қазанында аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков КАТКО компаниясының бас директоры Закария Эль Марзукимен кездесіп, әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша алдағы үш жылға арналған ортақ даму жоспарын бекіткен болатын. КАТКО компаниясы Созақ ауданымен ынтымақтастықты стратегиялық бағыт ретінде қарастырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мен әлеуметтік осал топтарды қолдауды басты басымдыққа алады.

Бес жақты меморандумға қол қойылды

Аудан әкімдігі ғимаратының мәжіліс залында «2025 жыл-Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында 5 жақты серіктестік меморандум қабылданды.

Тараптар жергілікті азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыруды көздейтін құжатқа қол қойып, өзара ынтымақтастықты нығайту шараларын пысықтады.

Меморандумға аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов, Түркістан облысы прокуратурасының басқарма басшысы Нұрғали Асқанбеков, аудан прокуроры Ғалымжан Құдайқұл, Созақ аудандық «Мансап орталығы» филиалының директоры Абай Көбенов және жұмыс беруші – «КАТКО» қазақстандық-француздық біріккен кәсіпорнының бас директоры Закария Эль Марзуки қол қойды.

Жиынға арнайы қатысқан «Орано Майнинг» компаниясының аға вице-президенті Ксавье Сен-Мартен Тийеге де өз бағасын беріп, серіктестіктің маңызын атап өтті.

Өз сөзінде Түркістан облысы прокуратурасының басқарма басшысы Нұрғали Асқанбеков меморандумның еңбек нарығындағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталғанын айтты. Әсіресе пробация есебіндегі азаматтарды жұмысқа орналас-

тыру, олардың қоғамға қайта бейімделуіне мүмкіндік беру құжаттың басты бағыттарының бірі екенін жеткізді.

Аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов аудан басшысының сәлемін жеткізіп, бұл ынтымақтастықтың Созақ өңіріндегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

Меморандум еңбек нарығын дамытуды, жұмыс беруші ірі кәсіпорындармен байланысты күшейтуді және тұрғындарды тұрақты әрі сапалы жұмыс орындарымен қамтуды көздейді. Құжат вакансиялар туралы ақпарат алмасудың тұрақты тәртібін бекітеді. Жұмыс беруші тарап бос жұмыс орындары мен қажетті мамандықтар бойынша ақпаратты уақтылы «Мансап орталығына» жолдап, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тарту механизмін күшейтеді. «Мансап орталығы» ұсынылған сұраныстарға сәйкес жұмыссыздар қатарынан маман иелерін анықтап, жолдама береді.

Айта кетейік, қазіргі уақытта КАТКО қызметкерлерінің 70 пайыздан дан астамы Түркістан облысы мен Созақ ауданының тұрғындары.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

Баспасөз-2026



Баспасөзге жазылыңыздар!

Құрметті басылымға жазылушылар!

Ауданымыздың төл басылымы «Созақ үні» газетіне 2026 жылдың I-ші жарты жылдығына жазылу мерзімі басталды. «Созақ үні» газетіне жазылу үшін:

«Ернұр-пресс» мекемесі арқылы-алты айға 3612 теңге.

«Қазпошта» мекемесі арқылы алты айға-жеке азаматтар үшін-3972 теңге 36 тиын, мекемелер үшін-5172 теңге 36 тиын.

Редакцияға келіп тікелей жазылушылар үшін, алты айға-3000 теңге.

**«Созақ үні» газеті
редакциясы.**

Ауыл әкімдерінің жаңа бағыты:

Президент Тоқаев жүктеген міндеттер және Созаққа арналған сабақ

Еліміздің ауыл-аймақта-рының болашағы, қазақы тіршіліктің түп қазығы қайда десек, ол-ауылда. Сондықтан ауылды дамыту-тек әлеуметтік-экономикалық стратегиялық бағыт емес, елдің рухани тұрақтылығының да негізі. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл әкімдерімен өткен диалог-платформада сөйлеген сөзі-бүгінгі мен ертеңіне алаңдайтын әр азамат үшін бағдаршам іспетті.

Президенттің бұл жолғы бастамасы-ауыл әкімдерінің ғана емес, тұтас жергілікті басқару жүйесінің жаңа кезеңге қадам басқанын айқындаған маңызды оқиға. Жиында көтерілген мәселелер-тек республикалық деңгейдің емес, біздің Созақ ауданы сияқты шалғай да шежірелі өңірлердің тіршілігіне тікелей әсер ететін бағыттар.

Әкім-ел ішіндегі ең жақын басшы

Жиында Мемлекет басшысы айрықша тоқталған басты мәселе-ауыл әкімінің рөлі. Президент бұл лауазымды «халықпен ең етене жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші» деп атап, әкімнің ауылдың тынысын, тұрмысын, мәселесін терең білуі керектігін қадап айтты. Бұл – бізге де таңсық пікір емес. Созақтың қайсыбір ауылына барсаңыз да, ең алдымен жұрт әкімінен жаңалық күтеді. Бір көшенің жолы, бір қыстың көмірі, бір малының суы-бәрі әкімнің жауапкершілігі. Президенттің сөзі осындай қарапайым, бірақ салмақты міндеттерді тағы бір мәрте айқындап берді.

2334 жаңа әкім: Жаңарған буын, жаңарған міндет

Диалог-платформада жарияланған дерек бойынша, ел бойынша 2334 ауыл әкімі сайланған. Орташа жасы-43 жас. Тағы бір қызық көрсеткіш: жаңадан келген әкімдердің үштен бірі мемлекеттік қызметке алғаш рет келгендер. Бұл-ауыл басқаруына жаңа буын, жаңа мәдениет, жаңа көзқарастың келуі. Созақтың өзіне қарасақ, соңғы жылдары ауыл әкімдері арасында жас мамандар көбейді. Әлі де болса тәжірибе жинайтын, бірақ халықпен жұмыс істеуге дайын, дұрысын айтатын да, қателесетін де кездері бар. Бірақ олардың бойында бір қасиет бар-жаңалыққа қызығарлық. Президенттің тапсырмасы осы жігерлі толқынға ерекше серпін болары анық.

Бюджеттің ашықтығы: Ел сенімінің негізі

Президент ауыл бюджетінің тиімді игерілуі туралы да тоқталып өтті. Ауылдардың кірісі өсіп, дотацияға тәуелділігі азайып келе жатқаны – бұл жүйелі жұмыстың нәтижесі. Бұл бағытта Созақ ауданы да соңғы

жылдары жақсы қадамдар жасады. Халық қатысатын бюджет жобасының енгізілуі-соның бір дәлелі. Әр ауыл енді өз көшесін, өз нысанын, өз басым бағытын өзі таңдай алады. Демек, бюджет-қолжетімді, шешім-ашық.

Сенім бар жерде-тірлік бар

Жиында Президент ерекше мән берген деректердің бірі-ауыл тұрғындарының 84 пайызы өз әкімдеріне сенім білдіретіні жөніндегі сауалнама нәтижесі. Бұл-жай статистика емес, билік пен халық арасындағы байланыстың күшейгенін айғақтайтын көрсеткіш. Әсіресе Созақ сияқты ұжымдасқан, бір-біріне жақын ауылдарда сенім-жұмыстың басты қаруы. Әкім сенімге ие болса-ісі алға басады, сенім жоқ жерде-қаржы да, бастама да іске аспайды.

Созаққа қатысты түйіндер: Не маңызды?

Президент Тоқаев жүктеген тапсырмалар біздің аудан үшін де өзекті: 1. Инфрақұрылымды жаңарту Созақтың көптеген ауылдарында ішкі жол, ауызсу, жарық мәселелері әлі де кезең-кезеңмен шешіліп жатыр. Бұл бағытта нақты жоспар мен нақты мерзім қажет. 2. Ауыл шаруашылығын қолдау Малмен күнелткен Созаққа жайылым, жемшөп, ветеринария мәселесі –әрқашан бірінші орында. Мемлекет ұсынған субсидия, жеңілдетілген несиелер тиімді әрі қолжетімді болуы тиіс. 3. Тұрғындармен тікелей байланыс Президент атап өткендей, әкімнің ең басты жұмысы-халықпен ашық сөйлесу. Созақта бұл мәдениет қалыптасып келеді. Енді оны жүйелі деңгейге көтеру маңызды. 4. Жергілікті кадрлардың әлеуеті Жас әкімдерді қолдау, оқыту, тәжірибеден өткізу-аудан үшін де өзекті. Білікті басқарушы болса-ауылдың да бағы ашылады.

Қорытынды:

Ауылдың рухы мықты болса-елдің іргесі берік. Президент Тоқаевтың ауыл әкімдерімен кездесуі-басқару мәдениетінің жаңа кезеңі басталғанын көрсететін маңызды қадам. Ауыл-біздің түп-тамырымыз, ұлттық болмысымыздың мәйегі. Ал ауылдың дамуы-жауапты әкімдердің, белсенді азаматтардың, сенген халықтың ортақ жұмысына байланысты. Созақ-қай кезде де рухы биік өңір. Кез келген бастаманы қолдай алатын әлеуеті бар, елдік мәселеде алға шығатын қасиеті бар аудан. Сондықтан Президент жүктеген міндеттерді жүзеге асыруда Созақ әкімдері де, ауыл жұрты да ынтымақ танытып, жаңа кезеңге сеніммен қадам басыр анық.

Данияр БЕК,
«Созақ үні» газетінің аға тілшісі.



Жасаған жақсылығыңыз еселеп қайтсын!

“AMANAT” партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлына және комиссия мүшелеріне алғыс айтамын. Мен көп жылдар бойы тұрақты жұмысқа орнала-са алмай жүрген едім, жылда қоғамдық жұмысқа қатысып жүрдім. Ауданның біршама мекемелерінің басшыларына кіріп жағдайымды айтып тұрақты жұмыс сұрадым. Өзім жалдамалы пәтерде тұрамын. 30 қазан күні аудандық партия филиалында өткен комиссияның қабылдауына барып, тұрақты жұмысқа орналас-тыруға ықпал жасауын сұраған едім. Комиссия төрағасы Берік ағай “Созақ-саулет” КММ-нің басшысымен сөйлесіп, сол мезетте мен ағайдың қолдауымен жұмысқа орналастым. Берік ағайға шынайы алғысымды білдіремін! Көрсеткен бағдарыңыз бен қолдауыңызға рақмет. Айтпақшы комиссия мүшелерімен бірігіп, маған пәтер ақымды төлеуге қаржылай көмек те берді. Берік ағай халықтың мәселесіне бей-жай қарамай, көмегін аямайтын азамат екеніне көзім жетті. Ізгі ниетіңіз бен жасаған жақсылығыңыз құдайдан еселеп қайтсын ағай!

Гүлмира БЕЙСЕНБАЕВА.

«Ашық есік» күні

Республикалық «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді 16 күн» акциясы аясында Созақ аудандық орталық ауруханасы база-сында тұрғындарға арналған «Ашық есік» күні ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – тұрғындарға құқықтық, медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және отбасы ішіндегі мәселелердің шешу жолдары бойынша кеңес беру. Шара барысында тұрғындарды жеке қабылдау жүргізіліп, келушілерге ақпараттық-кеңестік көмек көрсетілді. Қабылдауға: – Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспектор Айжан Ма-



напова-Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы Жанерке Жуматова – «Отбасын қолдау орталығының» бөлімше басшысы Біржан Саржанов – «Отбасын қолдау орталығының» психологы Жазира Серикова сондай-ақ аудандық емхананың психолог мамандары қатысып, азаматтарға өз бағыттары бойынша жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мамандар тұрғындарға құқықтық және психологиялық, сонымен қатар медициналық кеңес беріп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасылық дауларды шешу, қиын өмірлік жағдайдан шығу жолдары және қажетті мекемелерге жүгіну тәртібі жөнінде толық ақпарат ұсынды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Облыстық тәжірибелік семинар өтті

Түркістан облысының білім басқармасының “Түркістан облысы психологиялық қолдау орталығы” КММ-нің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарына сәйкес, Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында «Аутодеструктивті мінез-құлық: мектеп және отбасы арасындағы өзара әрекеттестік» тақырыбында облыстық тәжірибелік семинар өтті. Семинарға 17 ауданнан мектепке дейінгі ұйым мен білім беретін ұйымдардан 100 педагог-психологтары мен әдіскерлер келіп қатысты.

Мақсаты: педагог-психологтарға жасөспірімдік шақтағы қиындықтарды жеңуге бағытталған заманауи психологиялық тәсілдер мен практикалық әдістерді меңгертіп, оқушылардың аутодеструктивті (өзін-өзі зақымдаушы) мінез-құлықтарының алдын алу бағытында мектеп пен отбасының бірлескен әрекеттерін үйлестіру, психологиялық қолдау жүйесін жетілдіру, оқушылардың психоәлеуметтік әлауқатын арттыруға үлес қосу болып табылады. Семинар 3 кезең бойынша ұйымдастырылды: Ұйымдастыру кезеңі, Негізгі бөлім, Секциялық бөлім, Қорытынды бөлім. Созақ ауданының білім бөлімінің әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Нұржан Тәңірбергенұлы мен Түркістан облысының психологиялық қолдау орталығы КММ-нің директордың орын-



басары Баймуханбетова Мөлдір Зайнуллақызы ашып беріп, қатысушыларға жаңа ақпараттарды қабылдап, зейін қойып тыңдауға, өзара тәжірибе алмасуға шақырды. Семинардың негізгі бөлімінде Түркістан облысының психологиялық қолдау орталығы КММ-нің директордың орынбасары Баймуханбетова Мөлдір Зайнуллақызы «Педагог-психологтардың кәсіби құзыреті мен оқушы психикасының қауіпсіз дамуын қамтамасыз етудегі рөлі» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Білім бөлімінің психология саласының әдіскері Ерденова Жансая Калдыбайқызы білім беру ұйымдарында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар тоқталып өтті. Секциялық бөлімде 1.«Ашу мен ішкі сезім: Сөзім» метафоралық карталармен жұмыс

арқылы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу». 2.«Мен, отбасым және мектебім-бір бүтін әлем». 3.«Ана мен қыз арасындағы сепарацияны талдау және қалпына келтіру». 4.«RESET: бала өміріне жаңа көзқарас. Ойын-балалар арасында буллингтің алдын алу құралы». 5. «Ұлттық тәрбие мен психологиялық тұрақтылық: жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу жолдары». 6.«Психология-ғажайып әлем» психологиялық ойындар мен жаттығулардың инновациялық тәсілдерін ұйымдастырылып, педагог-психологтарымыз өз тәжірибелерімен бөлісті. Қорытынды бөлімінде қатысушылар өз тәжірибелерімен бөліскен педагог-психологтарға шығармашылық табыстар, кәсіби жетістіктер тіледі.

Жансая Ерденова,
педагог-психолог.

XX ғасыр трагедиясы:

Байлар институтының күйрегі және ұлт жоғалтқан құндылықтар

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жүзеге асырып жатқан «Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтары естеліктерінің топтамасын дайындау және басып шығару» жобасы аясында еліміздің әр өңірінен жинақталған нақты деректер мен куәгерлік естеліктер XX ғасырдың ең қасіретті кезеңдерінің әлі күнге дейін толық ашылмаған қырларын ел алдына қайта алып шықты.

Ұжымдастырылған деректер қасіретті жылдардың күрделі механизмдерін, мемлекеттік саясаттың өңірлік деңгейде қалай іске асқанын, оның қарапайым халықтың тағдырына қандай ауыр салмақ салғанын көрсетуге мүмкіндік береді.

1920–1930 жылдар – қазақ халқы үшін аласапыран мен зор өзгерістер ғасыры болды. Кеңестік биліктің қысқа мерзім ішінде жүргізген ұжымдастыру, мал-мүлкін тәркілеу, саяси қуғын-сүргін және «тап жіктеу» идеологиясы ұлттық болмыстың өзегін шайқалтып, ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық құрылымы мен әлеуметтік иерархияға орны толмас зиян келтірді.

Әсіресе, қоғамдағы экономикалық қозғаушы күш, әлеуметтік беделі бар жетекші топтың бірі – байлар институты қатаң қысымға ұшырап, «тап жауы» ретінде таңбаланды. Олар мал-мүлкінен айырылып, жанұяларымен бірге жер аударылды, кейбірі түрмеде жазықсыз жазаға тартылды. Кеңестік саясат олардың қоғамдағы тарихи рөлін жоққа шығарып, дәстүрлі көшпелі өмір салтының тірегін мақсатты түрде күйретті.

Бұл зұлмат тек жекелеген адамдардың тағдыры ғана емес, тұтас ауылдардың, әулеттердің, рулардың өміріне ауыр соққы болып тиді. Экономикалық жұтаңдық, рухани күйзеліс, демографиялық шығын – осының барлығы байларды жою саясатының тікелей салдары ретінде көрініс тапты.

Оңтүстік өңірдегі байлар мен дәулетті қауым өкілдерінің өмір жолын, олардың басына түскен ауыр кезеңді, тәркілеу және қуғын-сүргін жылдарындағы нақты оқиғаларды зерттеу – бүгінгі ұрпақ үшін тарихи әділдікті қалпына келтірудің маңызды қадамдарының бірі болып табылады. Бұл тек тарихи фактілерді жүйелеу емес, ұлттың жоғалтқан құндылықтарын қайта тану, тарихи сананы жаңғырту міндеті.



Дайырбек (Баирбек) Абақовтың тағдыры - бір әулеттің ғана емес, тұтас өңірдің қасіреті

Архив құжаттарында аты Абақов (Аппаков) Дайырбек (Баирбек) деп көрсетілген бұл азамат 1842 жылы дүниеге келген, Сырдария округінің Созақ ауданындағы №10 ауылда тұрған. Өмір бойы мал шаруашылығымен айналысып, ел қатарлы тіршілік еткен.

Дайырбек бай дәулетті адам болғаны рас: 920 бас ірі қара; 1700 бас ұсақ мал; 7 десятина егістік жер; 6 жалдамалы жұмысшы.

Бұл – ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қазақ шаруашылығының толыққанды моделі еді. Алайда, кеңестік жүйе үшін мұндай тұрмыс «таптық жаулықтың» белгісі саналатын.

1928 жылғы тәркілеу кезінде Дайырбек Абақов пен оның әйелдерінің мал-мүлкі жаппай конфискацияланды: 600-ден аса жылқы, 100-ге жуық түйе, 717 қой, 252 ешкі тартып алынды.

Отбасы қудаланып, Урал округіне жер аударылған. Сол жылдары 52 жастағы жұбайы, 13 және 3 жастағы екі қызы тағдыр талкегіне түсті. Өзі көзі нашар көретін, жасы жүзге таяған қарт болса да, амалсыздан Қызылорда қаласында уақытша тұруға мәжбүр болды.

3 қараша 1928 жылы Даирбек Абаков Мәскеуге – Калинин мен Рыковқа шағым хат жолдайды. Сол шағымнан кейін ғана оған Қызылорда округінің аумағында қалуына рұқсат берілген.

Әрине, бұл – оның жоғалтқан байлығын, тапталған абыройын, күйреген әулетін қайтарып бермейтін шешім еді.

Төрлібек Абдукәрімов: сауда мен мал шаруашылығымен айналысқан ауқатты азамат

Сырдария округінің Қараспан ауданында тұрған Абдукаримов Турлубек те кеңестік тәркілеу қармағына іліккен тұлғалардың бірі. Архив деректері оның бай-полуфеодал ретінде сипатталғанын көрсетеді.

Төрлібек те мал өсіріп, сауда-саттықпен айналысқан. Оның иелігінде 282 бас мал (ірі қараға шаққанда) болған. Қосымша сауда жасап, халыққа қарызға ақша берумен де айналысқан.

1928 жылғы тәркілеу кезінде қудалаудан қорыққан ол Ташкент нарығында 400 қойын сатып жіберуге мәжбүр болған. Бұл – сол кезеңде көптеген ауқатты азаматтар өмірін сақтап қалу үшін амалсыз барған жолдардың бірі еді.

Богадыр Аблаев: билікке ұмтылған байдың жолы
Сырдария округінің Бадам ауданындағы №1 ауылдың тұрғыны Аблаев

Богадыр – екі әйелі бар, жартылай көшпелі шаруашылық жүргізген ауқатты адам. Архив дерегіне сай оның қожалығында: 45 бас ірі қара, 150 бас ұсақ мал, 15 десятина егістік болған.

Бұл – орта дәулетті, бірақ ықпалы зор әулеттің көрінісі. Богадыр-таны мал датхадан тараған, бұрынғы болыс басқарушысының ұлы. Қазақ қоғамында мұндай тектілік бедел мен ықпалдың басты негізі еді.

1920-жылдары кеңес билігі ауылдарға еніп, жаңа әкімшілік жүйе қалыптастыра бастағанда, Богадыр Аблаев та осы ортадан тыс қалмады. Архив деректері оның ауылдық кеңес аппаратында ықпал орнатуға тырысқанын көрсетеді. Шымкент қызметкеріне берген 500 рубль көлеміндегі пара оның билікке өтуге деген ұмтылысын айғақтайды.

Сондай-ақ ол Бадам өңіріндегі белгілі топ жетекшісі Чиналиевпен байланыста болған. Халық арасында беделі зор, сөзі өтімді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары тұлға ретінде танылған.

Алайда мұндай ықпал кеңес билігі үшін «қауіпті элемент» ретінде бағаланды. 1928 жылдың тәркілеуіне ілігуіне осы қоғамдық салмағы мен белсенділігі себеп болды.

Бедельбай Әділбеков: байлық пен биліктің қиылысқан тұсы

Сырдария округінің Мерке ауданындағы №3 ауылда өмір сүрген Әділбеков Бедельбай-мал шаруашылығымен айналысқан, дәулеті мол адамның бірі.

Архив деректері оның шаруашылығында: 1150 қой, 56 ірі қара болғанын айтады.

Бедельбай тек бай ғана емес, патша заманында 5 жыл болыс басқарған тәжірибелі әкім. Ол билік жүргізген кезеңде 1916 жылғы «тыл жұмыстарына мобилизация» кезінде белсенділік танытып, кей байлардың балаларын әскерден босатқаны үшін пара алғаны айтылады. Осылайша ол дәулет жинап, ел ішіндегі ықпалын күшейткен.

Кеңестік кезеңде оның бұл өткендегі әкімшілік қызметі «халыққа қарсы әрекет» деп бағаланып, 1928 жылғы тәркілеу кезінде Бедельбайдың мал-мүлкі түгелдей тартып алынды.

Отбасы Адай округіне жер аударылды, ал өзі қуғыннан жасырынған. Оның ағалары-Жайнақ пен Карабай-да кеңес билігіне қарсы элемент ретінде қарастырылған.

Бедельбай мен оның ағасы Карабайдың Мерке тауларына жасырынуы сол жылдардағы қазақ байларының қуғыннан қашқан тағдырын айқын көрсетеді.

Қарабай Әділбеков: білімді мұғалімнен қуғындалған «бүлікшіге» дейінгі жол

49 жастағы Қарабай Әділбеков – Мерке ауданының №3 ауылының тұрғыны. Орта білімді, патша заманында мұғалім болған, тіпті бір кезеңдері солшыл эсерлер қатарында тұрған. Ескі жүйеде де, жаңа билік тұсында да саяси белсенділігімен көзге түссе де, оның тағдырын өзгерткен–1920-жылдардағы саяси қысым.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде Қарабай ағасы, болыс басқарушысы Бедельбаймен бірге тыл жұмысына адам алуда айыпталған. Байлардың балаларын мобилизациядан босатып, пара алғаны жөнінде архив деректері бар.

Ал 1920-жылдары Мерке өңірінде ол ірі мал иесі ретінде танылды: 140 бас ірі қара, 1200 бас ұсақ мал.

Бұл дәулет Кеңес билігі үшін ерекше назардағы категория болатын.

Архив деректері Қарабайдың ашық саяси пікір білдіруін де тіркеп қалған. 1926 жылы Мерке ауылындағы бас қосуда, дәрігер Крицкий, фармацевт Ваенбаум және басқа адамдардың көзінше: «Пьем за гибель наших врагов-большевиков!» деп тост айтқан.

Қауіпті сөзден кейін біреу ескерту жасағанда, ол «ГПУ бізге түк те емес. Кызыл-Ордада үлкен байланыстарым бар. Бір-екі жол жазсам, мыналардың бәрі орнынан ұшады» деп жауап бергені айтылады.

Бұл деректер–кеңестік репрессиялық органдардың архивінде сақталған ресми дүниелер. Қарабайдың нақты ниетіне қарағанда, оның беделі мен өткір мінезі Кеңес билігіне қауіп көрінген.

1928 жылғы салық есептеу науқаны кезінде Қарабай Әділбеков ауылда белсенді антикеңестік үгіт жүргізген. Нәтижесінде есеп жүргізу жұмысы толық күйреді. Бұл фактіге байланысты Меркедегі партия ұйымы оны дереу жауапқа тартуды талап етеді. Бірақ Қарабай қолға түспейді. Ол Мерке тауына кетіп, жақын туғандарын жинап, қарулы топ құру мәселесін талқылағаны туралы дерек бар. 24 шілде 1928 жылы ауыл сыртында шамамен 15 адам қатысқан жиын өткізген.

ОГПУ агенттері оны ұстауға бірнеше рет әрекет жасаса да, тұтқындай алмаған. Өйткені Қарабай: Маузер, Браунинг сияқты сол кезеңге тән қымбат қарулармен қаруланған.

Бұл факт оның жай «бай» емес, ықпалды, ұйымдастырушылық қабілеті бар, саяси тұлға болғанын көрсетеді.

Ақырында 1928 жылдың күзінде оның малы мен мүлкі тәркіленіп, отбасы Сырдария округінен жер аударылды. Ал өзі әлі де жасырынып жүрген.

Құрманбек Әділбеков: патша наградалары бар болыс-кеңестік қуғынның тағы бір құрбаны

1848 жылы туған Құрманбек Әділбеков–Мерке өңірінің емес, Чаянов ауданындағы №22 ауылдың бұрынғы болыс басқарушысы. Ол патша үкіметінен бірнеше медаль мен жеке қару алған беделді тұлға болған.

Шаруашылығы орташа деңгейден жоғары: 100 бас мал (ірі қараға шаққанда) немесе басқа құжатта: 11 ірі қара, 150 қой-ешкі. Отбасында 8 адам болған.

1928 жылғы тәркілеу кезінде Құрманбек те «бай» ретінде мүлкінен айырылып, туған жерінен түгелдей көшірілді.

Айтбаев Күлшай: Үш-Күнгүрдің биі болған ауқатты тұлға

1873 жылы туған Күлшай Айтбаев –Чаянов ауданының №22 ауылынан шыққан, Үш-Күнгүр руының белгілі байы, 6 жыл бойы би болған беделді адам. Оның отбасы-14 адамнан тұрған үлкен әулет.

Шаруашылығының көлемі де айтарлықтай: 296 бас ірі қара, шамамен 3000 бас қой-ешкі.

Бұл-бір ғана отбасының емес, тұтас рудың тіршілігін қамтамасыз етуге жететін дәулет еді.

Күлшай Айтбаев Кеңес үкіметінің құжаттарында бірнеше айыппен тіркелген:

1. Салықтан 70%-ын жасырған-дәулетті адамдардың көпшілігі тәріді, малдың бір бөлігін туыстарға таратқаны көрсетілген.

2.«Бай-ақсақалдар топына» қатысқан-Чаянов аймағында патриархалдық қатынастарды сақтап қалуға тырысқан топтың белді мүшесі болған.

3.Кеңес аппаратына ықпал етті-жергілікті шешімдерге ауыл коммунисттері арқылы әсер еткен.

Бұл деректер-кеңестік тілмен айтқанда «таптық дұшпан» бейнесін қалыптастырудың әдеттегі үлгісі.

1928 жылдың сәуірінде Күлшай Айтбаев Шымкенттегі түрмеге қамалған. Сол жылдың күзінде оның мүлкі тәркіленіп, Адай округіне жер аударуға шешім қабылданған.

Бұл-бір әулеттің ғана емес, бүкіл Үш-Күнгүр руының әлеуметтік негізін шайқаған оқиға.

Айбек Акаев: шағын шаруасы бар жас байдың да құтылмағандығы

Күлшай сияқты ірі дәулет иесі болмағанымен, Айбек Акаев та (Қызылқұм ауданының №16 ауылы) тәркілеу торына түскен.

До конфискации оның шаруашылығы бар болғаны: 260 қой, 1 жылқы, 1 түйе.

Сыр өңірінің ауқатты ортасына қарағанда, бұл – орта деңгейдегі мал саны. Бірақ 1928 жылғы науқан байдың нақты дәулетіне емес, оның қоғамдық санатына қарап шешілді.

Айбек 1926 жылдан бастап бөлек шаруашылық жүргізген. Конфискация кезінде ол ағасы Байбекпен бірге тұрған. Әкесі-Жаңдыбекұлы Ақай.

Архив оны бай ретінде көрсеткен, себебі: жеке қожалық жүргізуі; бірнеше жыл қатарынан салыстырмалы түрде тұрақты табыс болуы; ауыл ішіндегі ықпалы (отбасылық байланыстар).

Бұл кезеңде мал санының аз-көптігі ештеңе шешпейтін. Кеңес билігі үшін бастысы-отбасылық құрылым, дәстүрлі шаруашылық және қоғамдағы ықпал дәрежесі болды.

Байбек Акаев: шағын шаруасы бар «бай»

Қызылқұм ауданының №16 ауылында өмір сүрген Акаев Байбек дәулетті болғанымен, өңірдегі ірі байлардың қатарына жатпайтын. Оның шаруашылығында 490 қой, 1 жылқы және 2 түйе ғана болғаны көрсетіледі. Дегенмен Кеңес билігі үшін басты өлшем – мал саны емес, жеке қожалық жүргізуі, бақташы ұстауы және әулеттік ықпалдың болуы еді. Байбек 1926 жылдан бастап әкесінен бөлініп, өз алдына шаруашылық жүргізген, отбасы төрт адамнан тұрған. Алайда дәл осы жеке шаруашылық оның «байлар қатарына» кіруіне жеткілікті себеп болып, 1928 жылғы тәркілеу науқанына ілігіп отырған.

Серкүл Алдабергенов: Яны-қорғаннан Өзбекстанға дейін созылған шежіре

Янықорған ауданының №7 ауылынан шыққан Алдабергенов Серкүл өз заманының оқыған, беделді, әрі көпшілікке сөзі өтімді адамдарының бірі болған. Конрат тайпасының Қуысқансыз тармағынан тарайтын бұл азаматтың ата-бабасы өңірде үлкен ықпалға ие болғаны архивтен анық байқалады. Серкүл орыс-тузем мектебін тәмамдап, пристав кеңсе-

сінде екі жыл аудармашы қызметін атқарған. Кейін Приречная болысының арық-ақсакалы, одан соң 1915 жылы халық сайлаған болыс басқарушысы болған. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Қызылорда уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін де атқарғаны оның ел ішіндегі беделін арттыра түскен.

Серкүлдің шаруашылығы да орташа көлемде болғанымен, ол Кеңес билігі үшін «тап жауы» ретінде танылды. Архив деректері оның 20 түйесі мен 1 жылқысы болғанын көрсетеді. Бірақ жаңа режим үшін маңыздысы мал саны емес, оның текті әулеттен шығуы, екі әйелі болуы, байлыққа жақын шежіресі және кеңестік реформаларға сенімсіздік танытуы еді. Бұл отбасы-Телибай Сахымовтың ұрпақтары-бірнеше тармаққа бөлініп, Өзбекстанның Чирақчин, Қаршы, Бекбұдин және басқа да аймақтарына ауа көшкен.

Екі тұлғаның тағдыры бір-бірінен алшақ болғанымен, олардың өмір жолдарын біріктіретін ортақ шындық бар: ол–1928–1930 жылдардағы саяси науқандардың қазақтың дәстүрлі шаруашылығын шайқалтуы, жалпы әулеттік жүйені бұзуы және жеке адамдардың тағдырына ауыр соққы беруі. Бірі-шағын ғана шаруасы бар қарапайым қазақ, екіншісі-текті әулеттен шыққан, бірнеше қызметте болған беделді тұлға. Бірақ кеңестік саясат екеуін де бір ұғыммен ғана бағалады: «бай» және «жойылуға тиіс тап».

Сыр бойының осы екі азаматының тағдыры-біздің тарихи жадымыздың ажырамас бөлігі. Олар арқылы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының күрделі кезеңдері кестелі тағдырлармен, шынайы оқиғалармен қайта жанданады.

Алданбаев (Алдашбердиев) Балғабай: дәулетті шаруашылықтың күйреуі

1855 жылы туған Алданбаев Балғабай–Сырдария облысының Чаянов болысына қарасты №20 ауылдың атақты байларының бірі еді. Негізгі кәсібі–мал шаруашылығы. Оның иелігінде: 460 қой, 30 ешкі, 33 жылқы, 45 түйе, 2 бұқа, 1 сиыр болған.

Отбасы 5 адамнан тұрса да, шаруашылықты жүргізуде оның екі ұлы – Бейсімбай мен Дүйсембайдың үлесі зор болды. Екеуі де 1915 және 1920 жылдардан бастап жеке отау болып, ірі мал иесі атанған.

Бейсембай–49 бас ірі қараға тең малымен 8 жанды асыраған; Дүйсембай (Дүйшәмбе)–87 бас малымен 7 жаннан тұратын шаңырақ құрған.

Алайда 1928 жылғы тәркілеу науқаны бұл дәулетті әулеттің де шаңырағын шайқалтты. Үш үй-іргелі шаруашылықтың бар мал-мүлкі толық тәркіленіп, Балғабай мен оның балалары Адай уезіне күштеп жер аударылды. Қазақ даласындағы мыңдаған бай-шаруалардың тағдырына ортақ бұл оқиға–әлеуметтік-саяси саясаттың құрбаны болған тұрмыстық трагедияның айқын үлгісі.

Аралбаев Жантөре: биліктен қуылған беделді би

Екінші кейіпкер–Яны-Қорған ауданының №10 ауылынан шыққан Жантөре Аралбаев, 50 жасында-ақ өңірдің ықпалды тұлғаларының бірі болған. Мал-мүлкі де аз болмаған: 200 бас ірі қара, 150 бас ұсақ мал.

Өзі полукөшпелі шаруашылық жүргізіп, революцияға дейін волуправитель әрі би қызметін атқарған. Ел ішіндегі беделі зор болған Жантөре кеңестік кезеңде де белсенділігін жоғалтпай, жергілікті басқару жүйесіне өз адамын өткізуге әрекеттенген.

Архив құжаттары оның: кеңес органдарындағы сайлауға ықпал етуге тырысқаны, кейбір кедейлерді сатып алғаны, шөптік және егіндік жерлерді қайта бөлуге қарсы болғаны, қоғамдық жерлерді заңсыз иеленгені үшін жауапқа тартылуға шақ қалғаны сияқты деректерді қамтиды.

Алайда аймақтық байланыстары

мықты болғандықтан, бұл іс тоқтатылған. 1926 жылдың соңында Жантөре Яны-Қорғандағы жиналысты ұйымдастырып, ВИК төрағалығына өз жақтасын өткізуге талпыныс жасағаны да көрсетіледі.

Арғымбаев Үксекбай (Үкісікбай): дәстүрлі биліктің соңғы өкілдерінің бірі

Сары-Су болысының №3 ауылынан шыққан Үксекбай Арғымбаев (кей деректе – Үкісікбай) өззаманында аймаққа беделді тұлға болған. Ол: қазақ, бай шаруашылық иесі; 10 жыл бойы волостной управитель қызметін атқарған; шамамен 800 бас ірі қараға тең мал ұстаған.

Үксекбайдың дәулеті де, дәстүрлі билік жүйесіндегі орны да оған зор ықпал берді. Алайда кеңестік билік орныққаннан кейін ол жаңа саяси тәртіпке қарсы көзқарас танытып, “совет өкіметіне қарсы күш” деп сипатталған.

Оның екі ұлы – Тынысбай (1885 ж.т.), 1913 жылдан жеке отау болып, өз шаруашылығын жүргізген; Мұстафа – 1921 жылдан бері бөлек шаруашылық иесі болған.

1928 жылғы тәркілеу кезінде Үксекбай әулеті де «ірі бай» ретінде нысанаға алынып, мал-мүлкінен айырылды. Бұл оқиға аймақтағы дәстүрлі билік иелерінің әлеуетін жоюға бағытталған кеңестік саясаттың бір тармағы еді.

Арғынбаев Қақу: Бетпақдала мен Түркістан төңірегін жайлаған бай әулеттің трагедиясы

Тағы бір қуғын-сүргін құрбаны – Сырдария округіне қарасты Сары-Су аймағынан шыққан Қақу Арғынбаев. Әкесі–Байқотанов Арғынбай 1899 жылы қайтыс болғаннан кейін бұл әулет Бетпақдаланы қоныс қылып, мал шаруашылығымен айналысқан.

Қақудың шаруашылығы ірі болған: бірнеше жүз бас ірі қараға тең мал; көшпелі-жартылай көшпелі шаруашылық моделі.

1924–1927 жылдары Қақу отбасымен бірге Шымкент уезінің таулы аймақтарына уақытша қоныс аударған. Бұл кезең–кеңестік реформалар мен салық жүйесінің күшеюіне байланысты дәулетті отбасылардың қауіптен бастаған уақыты.

1928 жылғы тәркілеу кезінде Қақу Арғынбаев: Уральск округіне күштеп жер аударылды, онымен бірге: ұлы Мұхамедия Қақұвов (отбасымен), ұлы Ахметбек(1894 ж.т.), әкесінің әйелі (өзінің мачехасы) Алтын Байқотанова (1849 ж.т.) да жазықсыз қуғындалды.

Бұл жағдай–бір ғана адамның емес, тұтас әулеттің әлеуметтік-экономикалық негізін жоюға бағытталған науқанның нақты көрінісі.

Аркабаев Аширбек: дәулет пен биліктің түйісуіндегі тағдыр

Яны-Қорған ауданының №11 ауылында, «Мусабай» аталатын өңірде өмір сүрген Аширбек Аркабаев – өз дәуіріндегі ықпалды байлардың бірі болған. Архив мәліметтеріне қарағанда, оның шаруашылығы мынандай көлемде болған: 2000 бас ұсақ мал, 100 бас ірі қара, 7 жалдамалы жұмысшы (батрақ).

Аширбек малды сақтау, салықтан жасыру мақсатында оны көбіне кедейлер мен туыстарының атына үлестіріп отырғаны көрсетіледі. Сол арқылы ол өз ықпалын күшейтіп, аймақтық бәсекелестеріне қарсы өзіндік тірек жүйесін қалыптастырғаны аңғарылады.

Архив деректері Аширбектің жергілікті ауылдық кеңес төрағасына айтарлықтай әсер еткенін, ол төрағаның болса салықтан жалтаруға тікелей көмектескенін атап өтеді. Бұл–сол кезеңдегі билік пен дәулеттілер арасындағы жасырын байланыстардың нақты мысалы.

Асанов Рахманқұл: Қызылқұм топтарымен байланысқан бай

Сырдария округінің Қызылқұм ауданына қарасты №17 ауылда, Көктөбе өңірінде қоныс тепкен Рахманқұл Асанов–көшпелі және жар-

тылай көшпелі шаруашылықтың ірі өкілдерінің бірі.

Оның иелігіндегі мал саны: 70 бас ірі қара, шамамен 3000 бас қой-ешкі.

Бұл көлем–Қызылқұм өңіріндегі байлар ішіндегі ең ірі шаруашылықтардың бірі саналады. Рахманқұлдың әлеуметтік-саяси беделі де жоғары болғаны аңғарылады. Архивте оның «Қызылқұм топтарының» қатысушысы ретінде аталады. Бұл топтар сол кезеңде салық саясатына, жер бөлу тәртібіне және кеңестік реформаларға қарсылық білдірген әлеуметтік топтар ретінде танылған.

Рахманқұлдың үлкен мал басын сақтап қалуы, оның көшпелі дәстүрге берік болуы, кеңестік жүйемен мәмілеге келе бермеуі–оны аймақтық тұрғыда ықпалды, бірақ билік үшін қауіпті тұлға ретінде көрсетеді.

Асылбеков Бекболат: Бухара әмірімен жақын дос болған ірі тұлға

Сырдариядағы Қызылқұм аймағынан шыққан Бекболат Асылбеков (Асылбеков)–өз заманында өңірдің ғана емес, бүкіл Орталық Азия аймағының саяси-әлеуметтік өміріне әсер еткен тұлғалардың бірі. Архив құжаттары оның: қазақ, дәулетті бай, көшпелі мал шаруашылығының ірі өкілі, Бухара әмірінің жақын досы, әулетінің негізін қалаушы (родоначалық) болғанын көрсетеді.

Бекболаттың әулеті тек шаруашылықпен ғана емес, аймақаралық саяси байланыстарымен де ерекшеленген. Оның ұлы Тлеуберген Бухара әмірінің әскері қатарында әскербасы (военачальник) ретінде қызмет атқарғаны – бұл әулеттің өңірлік саясаттағы беделін дәлелдейді.

Атқабаяв Әмірбек: Яны-Қорған өңірінің дәулетті малшысы

Яны-Қорған ауданынан шыққан Әмірбек Атқабаяв–дәстүрлі мал шаруашылығын жүргізген ірі шаруалардың бірі. Архив мәліметтері оның: қазақ, бай, 167 бас малға тең ірі шаруашылығы болғанын көрсетеді.

Оның шаруашылығы–жартылай көшпелі жүйеге тән дәстүрлі қазақ тұрмысының көрінісі. Кеңестік кезеңдегі салық саясаты мен мал санағы дәл осындай орташа және ірі көлемдегі шаруашылықтарды қыспаққа алғаны белгілі.

Ахметов (Ахмедов) Мақсұт: 1927 жылы жеке отау болып бөлінген жас бай

Басқа кейіпкерлерден айырмашылығы, Мақсұт Ахметов–ХХ ғасыр басында әлі жас, жаңа жеке отау болып бөлінген шаруалар қатарында. Ол: Наушабаев Ахмет атты байдың ұлы; 1927 жылы әкесінен бөлініп, жеке шаңырақ көтерген; Отбасы (анасы 50 жаста) төрт адамнан тұрған; Негізгі кәсібі–мал шаруашылығы.

Мақсұттың мал-мүлкі: 490 бас қой, 4 жылқы, 1 бұқа, 1 сиыр.

Архив деректерінде ерекше атап өтілетін жайт–1928 жылдың наурызында ол Ферғана базарларында 160 қой сатқан. Бұл оның шаруашылығының белсенді айналымда болғанын, аймақаралық саудаға араласқанын көрсетеді. Ферғана жәрмеңкелері қазақ-қырғыз-өзбек өңіріндегі ең ірі мал сауда орталығы болғаны белгілі.

Ахимбеков Байлар: байлықты жасырудың күрделі схемасы

Сырдария округінің Қараспан волостарына қарасты №8 ауылында тұрып, мал шаруашылығымен айналысқан Ахимбеков Байлар (63 жас) –өңірдегі ең дәулетті байлардың бірі болған. Шаруашылығының нақты көлемі: 4000 бас қой, 150 бас ірі қара.

Алайда 1926 жылғы салық тізіміне ол бар болғаны: 1500 қой, 40 ірі қара ғана енгізген.

Самат Жұматайұлы, Жас ғалым, Қазақстан және Орталық Азия тарихын зерттеу институтының бас директоры. (Жалғасы бар).

Қазуу-і ғылым мен білімнің эпицентрі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультеті - бұл жай ғана білім беру мекемесі емес, бұл елдің құқықтық зиялыларының тірегі. Факультеттің тарихы, оның жетістіктері мен даму болашағының құқықтық жүйені жетілдіруге және әлемдік стандарттармен үйлестіруге жалпымемлекеттік ұмтылыстың ажырамас бөлігі болып табылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультетінің тамыры тереңде жатыр, ол қазіргі Қазақстанның қалыптасу кезеңінен бастау алады. 1955 жылы білікті заңгерлерді даярлау үшін құрылған факультет білім беру және стандарттармен үйлестіруге ажырамас бөлігіне айналды. Уақыт өте келе заң факультеті елдегі құқықтық ғылымның дамуын анықтайтын интеллектуалды ағындардың эпицентріне айналды. Заң факультетінің үздік білімділер мен корифейлері тәуелсіз егемен Қазақстанның заңнамалық актілерінің негізін қалаушылар болып табылады. Факультеттің академиялық ортасы тек теориялық біліммен ғана емес, сонымен бірге практикалық тәжірибемен де байытылды. Заң факультеті өзінің керемет жетістіктерімен танымал. Оның түлектері тек заңгерлер ғана емес, олар жаһандық трансформацияға бағытталған мамандар. Олардың көпшілігі Үкіметте, үкіметтің барлық тармақтарының мемлекеттік органдарында, бизнесте және халықаралық ұйымдарда факультеттің жоғары дайындық деңгейін растайтын негізгі позициялардан орын алады.

Факультет халықаралық заң конференцияларына белсенді қатысады, құқықтық ғылым мен практиканы дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізеді. Факультеттің білім беру бағдарламалары қазіргі тенденциялар мен стандарттарға сәйкес келеді, бұл оның елдегі ең жақсы заң мекемелерінің бірі ретіндегі беделін қамтамасыз етеді.

Жылдам өзгерістер мен цифрлық инновациялар дәуірінде заң факультеті жаңа өзгерістерге дайындалуда. Ол заманауи білім беру технологияларын, жаңа білім беру бағдарламаларын белсенді енгізіп, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтіп және практик-заңгерлермен, әлеуетті жұмыс берушілермен өзара іс-әрекеттерді тереңдетуде. Факультет дәстүрлі құндылықтарды оқытудың инновациялық әдістерімен және еңбек нарығының талаптарымен үйлестіре отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және енгізуге ұмтылады. Кадрлар мен білім беру процесінің құрылымын үнемі жетілдіре отырып факультет түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие болуын және құқық пен заң саласындағы күрделі міндеттерді тиімді шеше алуын қамтамасыз ету үшін кепілдік беруде.

Айта кету керек, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да әлемдік стандарттарға сай келетін жоғары деңгейдегі кадрларды даярлау жүйесінің өзіндік моделін қалыптастырды. Қазіргі уақытта университеттің мақсаты ұлттық классикалық университетті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналдыру, сондай-ақ әлемдегі ең үздік 200 зерттеу университеттерінің қатарына кіру болып табылады. Университеттің академиялық саясаты университеттің Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға, Дублиндік дескрипторларға және Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес бітіруші кафедралар әзірлейтін университеттің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту арқылы жоғары білікті бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға деген ұмтылысын көрсетеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Заң факультеті-бұл жай ғана заңгерлік шеберлік мектебі емес, бұл құқықтық ғылым мен білімнің эпицентрі.

Д.Турсынкулова,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық құқық кафедрасының меңгерісіннің орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты.
Абжан Абдихадыр,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 4 курс студенті.



Қызмет алушылардың құқықтары проактивті түрде қалпына келтірілді

Әрбір адам өмірге келгеннен бастап мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен тығыз байланыста болады.

Сол себепті мемлекеттік қызметтерді көрсету - бұл мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін көтеру мәселесі ел Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында айрықша маңызға ие. Елімізде 1323 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер болса, оның ішінде 400-ге жуығы облыстық деңгейде көрсетіліп отыр.

Осы ретте, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын қадағалау, қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық департаменттерімен жүзеге асырылады.

Осыған орай, Мемлекеттік қызмет

істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі құзыретіне сәйкес, мемлекеттік органдардың «Е-лицензия» порталында лицензия ретінде тіркелуіне талдау жүргізді.

Өз кезегінде, «Е-лицензия» порталы лицензиялау процестерін, рұқсат беру құжаттарын автоматтандыру және лицензия мемлекеттік органдар мен бизнес-қоғамдастығы арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тиімді, ашық тегін қамтамасыз ету мақсатында құрылған жүйе.

Талдау нәтижесінде анықталғандай, тиісті бөлім «Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметін ұсынушы болып лицензия ретінде тіркелмегені анық-

талды.

Айта кету қажет, аталған қызметті реттейтін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі м.а. 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес, мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арнасы)–портал арқылы.

Яғни, жеке және заңды тұлғалардың электронды түрде қызмет алуына әкімшілік кедергілер туындап, олардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылуына жол берілгендігі анықталды.

Өз кезегінде, лауазым иелерінің азаматтарға мемлекеттік қызметтерді сапасыз ұсынуы, мерзімінде ұсынбауы, негізсіз бас тартуы, әуре-сарсаңға салуы, олардың мемле-

кеттік ұйымдар мен қызмет көрсетуші мекемелерге деген сенімсіздігін тудыруы мүмкін.

Осы орайда, әр азаматқа мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңнамаларға сәйкес мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі біздің басты мақсатымыз болып табылады.

Нәтижесінде, Департаменттің ықпалымен аталған қызмет алушыларға қайта өтініш жасауынсыз, құқықтары қалпына келтіріліп, тиісті мемлекеттік орган «Е-лицензия» порталында мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынушы болып тіркелді.

Абылайхан Наурызбаев,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Түркістан облысы
бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Күзде ағаштарды күтіп ұстау және қандай көшеттерді отырғызу керек?

Күзде қондырылған ағаштар көктемде егілген көшеттерге қарағанда тез бой түзейді. Бау-бақша өсірушілер үшін, күздің алғашқы айлары ең бір жауапты, нағыз белсенді жұмыс уақыты. Бұл уақытта көптеген кейінге қалдыруға болмайтын шаруалар жетіп артылады. Біз бірнеше қажетті деген жұмыстар тізімін ұсынамыз. Солардың алғашқысы өнімді уақтылы жинау. Пісіп жетілген жеміс ағаштары мен бұталарда ешқандай жемістің қалмауын қадағалаған жөн. Қалып қалған өнімдер түрлі жеміс аурулары мен бақша зиянкестерінің өсіп өнуіне жағдай жасайды. Егер барлық қажетті өнім жиналып, ағаштар мен бұталарда қалғаны пайдалануға жарамсыз болса, онда оларды жиып-теріп шұңқырға көміп немесе өртеп жібергеніңіз абзал. Пайдаға аспайтын қалдықтарды ағаш пен бұтаның түбінде қалдырып немесе қоршаудың сыртына тастаған дұрыс емес. Бұл ағаш бұталарында қалған шіріген өніммен бірдей зиян келтіреді. Өнімді жинауды кешіктіруге болмайды. Алма мен алмұрттың күзгі сұрыптары қыркүйек айының бірінші жартысында жиналып алынады. Уақтылы жиналмаған өнімдер өз дәмділігін, сапасын жоғалтқанымен қоймай ағаш пен бұталардың да салқын уақытқа дайындығын бұзады. Күзгі тыңайту Бау-бақшадағы күзгі жұмыстар қатарына міндетті түрде жерді нәрлендіру, түрлі тыңайтқыштармен қоректендіру кіреді. Азотты мезгілсіз беру қажетсіз артық өскіндердің пайда болуын көбейтіп, күш алуын тежейді. Нәтижесінде ағаштар мен бұталар суық күндерге дайындықсыз қалып, болмашы салқынға төтеп бере алмай қалады. Тыңайтқышты құрғақ және сыйық күйде де беруге болады. Тыңайтқыш қоспасын нұсқаулыққа

сай дайындап, түбінен қоректендірген жөн. Себебі шашып, бүркіп жасалатын қоректендірулерді қатайып, қалындап алған жапырақтар мен бұталар сіңірмейді. Құрғақ тыңайтқышты ағаш пен бұталардың түбіне айналдыра біркелкі етіп тастап бетін жұқалаң етіп топырақпен жауып тастау керек және міндетті түрде тыңайтқыш сепкеннен кейін суғару қажет.

Көшет отырғызу тәртібі-кейбір ағаштар мен бұталарды көктем мезгіліне қарағанда, күзде қондыру тиімді. Көшеттерді егуді қыркүйек айының ортасынан бастап қара күзге дейін жалғастыруға болады. Бастысы келесі маусымда жайқалған бау-бақша жасау үшін қандай ағаштарды күзде отырғызуға болатынын білу. Суыққа төзімсіз және басқа климаттық аймақтардан әкелінген жеміс ағаштары мен көшет сұрыптарынан сақ болған жөн. Күзгі қондыруды жақсы көтеретін жемісті ағаштар: алма, қара өрік, алмұрт, жаңғақ, тұт, (шелковица) алша, шие, қара және қызыл қарақат, таңқурай мүкжидек (кляква) ал, сәндік өсімдіктерден жұлпыр (сирень) ақгүл (жасмин) арша (можжевельник) және осыған ұқсас қылқан жапырақтылар екен дұрыс. Көшет қондыру үшін алдымен жергілікті жердің ауа-райын жобалаған дұрыс. Оңтүстіктің солтүстік аймақтарында – қыркүйек айының 3 жартысынан бастап, қараша айына дейін қондыра беруге болады. Көшетті қондырғанда басты ұстанатын, естен шығаруға болмайтын жағдайлар: Көшет қондыратын шұңырларды қазып, алдын-ала дайындап қойған дұрыс. Көшет егілетін кезде жаңа көң мен минералды тыңайтқыш берудің қажеті жоқ. Бүгінгі көшет ертеңгі жеміс ағаштары екенін естен шығармаңыз. Сон-

дықтан қондырған кездегі ара қашықтық міндетті түрде сақталуы тиіс. Сондай-ақ кеміргіштерден сақ болған жөн және басқалай зиянкестерден қорғау үшін ағаштың діңін ақтап, әктеп қою керек. Егер көшеттерді қондыру уақытын өткізіп алған болсаңыз... Кейде қым-қуыт тіршілікпен жүріп көшеттерді қондыру уақытын өткізіп алып жатамыз. Мұндай жағдайда, көшеттерді қыстан аман алып шығу жағдайын жасаймыз. Қар астында, қарға көміп сақтау. Топыраққа көміп қою әдісі. Жертөледе сақтау. Қателіктерден сақ болған жөн Қателік жіберуден бағбаншылықтан аса хабары жоқтар тұрмақ, тәжірибелі деген бағбаншылардың өздері сақтандырылған емес. Сондықтан, қондыруға ыңғайлы жаздық көшеттерді дұрыс таңдаған абзал. Көшеттің бойының ұзындығы шамамен 1,5 – 2 метр болғаны дұрыс. Одан ұзын, үлкендерінің өніп кетуі қиын. Қондыруға асықпаңыз. Маусымдық қолайлы кезеңді күткен жөн. Бірақ қыркүйек айының 15-терінен бұрын емес. Көшеттерді жаңадан қазылған емес, ертерек алдын-ала дайындалған шұңқырға отырғызу қажет. Көшеттің тамыр мойны егу кезінде топырақ деңгейінде болу керек. Ұқыпты жасалған бау-бақша көптеген жылдар бойы өз өнімімен бір ғана Сізді емес, өсіп келе жатқан келешек ұрпақтарыңызды да біраз уақыт қуантатын болдады. Бастысы негізгі ережелерді ұстануды естен шығармау керек.

А.Уалиев,
ҚР АШМ АӨК МИК ТО Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.

Хабарландыру

12.01.2026 жылы сағат 15:30-да Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек кенті, Тайкөнер ауылы, Тұлпар көшесі, 1 ғимарат мекенжайы бойынша “Демур” Мәдениет үйінде «УЗГ-1М қондырғысында ыңғымаларды бұрғылау кезінде пайда болған қауіпті емес қалдықтарына жататын бұрғылау қалдықтары мен бұрғылау шламдарын қайта өңдеу» жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тыңдау басталғанға дейін 30 минут бұрын жүргізіледі.

Онлайн қосылу ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы жүзеге асырылады

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596
Код: 123456

Қосымша бейнеконференция сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/3280583178?pwd=PSNCDmsL6CwAosrKbDTTFEipHFkYhO.1>

Конференция идентификаторы: 328 058 3178
Код: 00000

Бастамашы: “КБМ-standard” ЖШС. ҚР, Алматы қ, Бостандық ауданы, Торайғыров к-сі, 19А үй, 260 пәтер, БСН 100840013803, 8(707)6865802, kbm.standard.2021@gmail.com
Әзірлеуші: “ECO GUARD” ЖШС, Қызылорда қ., Училищная к-сі, 21, БСН 150440013858,

8 (7242) 274617, ecoguardkyzylorda@gmail.com.

Жоба бойынша құжаттама ҚО ТРЖҰДБ ndbecology.gov.kz сайтында орналастырылған.

Барлық ескертулер, ұсыныстар тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz және goszackup@yandex.kz эл. мекен-жайы бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: ecoguardkyzylorda@gmail.com, kbm.standard.2021@gmail.com, +7 707 686 5802

Жергілікті атқарушы орган: “Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы” ММ, goszackup@yandex.kz, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, ш / а. Жаңа Қала, 32 көшесі, ғимарат 20, 8725333659

Объявление

12.01.2026 года в 15:30 в Доме Культуры «Демур» по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., с.Тайкөнер, улица Тулпар здание 1 проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по проекту «Переработка буровых отходов и буровых шламов относящиеся к неопасным отходам образованных при бурении скважин на установке УЗГ-1М».

Регистрация участников ведется за 30 минут до начала слушаний при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Онлайн подключение осуществляется посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596
Код доступа: 123456

Дополнительная ссылка подключения:

<https://us06web.zoom.us/j/3280583178?pwd=PSNCDmsL6CwAosrKbDTTFEipHFkYhO.1>

Идентификатор конференции: 328 058 3178
Код доступа: 00000

Инициатор: ТОО “КБМ-standard”. г.Алматы, Бостандыкский район, ул.Торайгырова, дом 19А, кв. 260, БИН 100840013803,8 (707) 686 5802, kbm.standard.2021@gmail.com

Разработчик: ТОО «ECO GUARD», г. Кызылорда, ул. Училищная 21, БИН 150440013858, 8(7242)274617, ecoguardkyzylorda@gmail.com.

Документация по проекту размещена на сайте НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz

Все замечания, предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения слушаний на ndbecology.gov.kz и эл. адрес goszackup@yandex.kz

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности: ecoguardkyzylorda@gmail.com. kbm.standard.2021@gmail.com, +7 707 686 5802

Местный исполнительный орган: ГУ “Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области”, goszackup@yandex.kz, Туркестанская область, г. Туркестан, мкр. Жаңа Қала, ул. 32, зд. 20, 8725333659

Хабарландыру

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024-2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2025 жылдың желтоқсан айының 15 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Хабарландыру

«ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ “ШЫМКЕНТДОРСТРОЙ» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес 18.12.2025 ж. бастап 10 жұмыс күн ішінде Түркістан облысы Созақ ауданындағы Октас құм-шағал кен орнында өндіру операциясының салдарын жою» жобасының “Қоршаған ортаны қорғау” бөлімі бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакеті ақпараттық жүйеде орналастырылған.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйеде қабылданады. <https://ndbecology.gov.kz/>

Хабарландыру

«ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ “ШЫМКЕНТДОРСТРОЙ» ЖШС 2025-2034 ж. арналған “Түркістан облысы Созақ ауданындағы Октас құм-шағал кен орнында өндіру тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу үшін нормативтік құжаттар” бойынша ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент а.о., Таукент а., 1 Ықшам аудан, 45А (әкімшілік ғимараты). Өткізу уақыты: 08/01/2026ж.сағат 17:00.

Конференцияға қосылу <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Әсер ету аумағы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент а.о., географиялық координаттары: а 43,53'40.39" с.б. 68,46'36.58" ш.е.

Ескертулер мен ұсыныстарды ҰДБ ақпараттық жүйесіне (ndbecology.gov.kz), сондай-ақ ЖАО сайтына (<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>) жолдауға болады. ЖАО Түркістан облысы, Түркістан қаласы, ТРАССА КЕНТАУ, 2, 10, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59.

Бастамашы: «Производственная компания «Шымкентдорстрой», САЙРАМ АУДАНЫ, МАНКЕНТ А.О., МАНКЕНТ А., Бірлік көшесі, 45 үй, БСН 931240000687, тел. +7(725)-253-07-24. pkshds@mail.ru. Директор МЫНЖАСАРОВ НУРБОЛ.

Орындаушы: “Эко-Лимитед” ЖШС г.Тараз, ҚАРАСУ ы.а., 16 үй, БИН170440027019 басысы Саткенов Р.Т. тел.: +77021573190

Табиғатта тазалық сақтайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек»-деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға көмегіміз тисін десек- орманымызды сақтайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Әсіресе өртке өте сақ болуымыз керек. Абайсызда жасалған өрт бүкіл орманды қиратуы мүмкін. Техникалардан шығатын ышқындарға да абай болуымыз керек.

Сонымен қатар орманды бей-берекет бүлдіруге жол бермеуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Айналамыздың көрікті болуы бәрімізге байланысты. Тоғай-ормандарды өрттен қорғау басты назарда болуы міндетті.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның тазалығына, орманды жерлердің өсіп-өнуіне баршамыз болып атсалысқанымыз дұрыс. Сондықтан орман өртін болдырмауға сақдай-сай болғанымыз бәріміз үшін маңызды.

Бұл жұмыс тек орман қорықшысының ісі деп қарамауымыз керек. Оған барлығымыз жұмыла кірісуге тиіспіз.

М.Асылбеков,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Объявление

ТОО «ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ “ШЫМКЕНТДОРСТРОЙ», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, с 18.12.2025 года в течении 10 рабочих дней будут проводится общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды» к плану «План ликвидации последствий операции по добыче песчано-гравийной смеси Октас в Созакском районе Туркестанской области»

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе для предоставления замечаний и предложений <https://ndbecology.gov.kz/>.

Объявление

ТОО «ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ КОМПАНИЯ “ШЫМКЕНТДОРСТРОЙ» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «Нормативные документы для получения разрешения на воздействия в окружающую среду по плану горных работ разработки месторождения песчано-гравийной смеси Октас в Созакском районе Туркестанской области» на 2025-2034г.г.»

Место проведения:Туркестанская область, Сузакский район, Таукентская п.а., п.Таукент, МИКРОРАЙОН 1, Д.45А (здание акимата).Время проведения: 08/01/2026г. в 17:00.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Территория воздействия: Туркестанская область, Сузакский район, Таукентская п.а., географические координаты: 43к53'40.39"С, 68к46'36.58"В

Замечания и предложения принимаются в информационной системе НДБ (ndbecology.gov.kz), а также на сайте МИО (<https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>) МИОКУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: Туркестанская область, г. Туркестан, ТРАССА КЕНТАУ, 2, 10, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59

Инициатор: ТОО «Производственная компания «Шымкентдорстрой», САЙРАМСКИЙ РАЙОН, МАНКЕНТСКИЙ С.О., С.МАНКЕНТ, улица Бирлик, дом 45, БИН 931240000687, тел. +7(725)-253-07-24. pkshds@mail.ru. Директор МЫНЖАСАРОВ НУРБОЛ.

Исполнитель проекта: ТОО “Эко-Лимитед” г.Тараз, мкр. ҚАРАСУ, 16, БИН170440027019 директор Саткенов Р. Т. тел.: +77021573190


Орманды өрттен қорғайық!

Өрт– абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шок, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі–ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып несерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруге керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын өртіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, көуеп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Әділ Алтаев,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман пайдалану инженері.

«Созақтан шыққан саңлақтар» атты кітап жарыққа шықты



Жуырда ғана жерлесіміз Қазақстан журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Қазақстанның Құрметті журналисі», журналист-публицист әрі сценарист Болат Шайманұлының «Созақтан шыққан саңлақтар» атты кітабы жарыққа шықты. Бұған дейін де Бөкең «Қазыналы Қаратау», «Қаратау қаһармандары», «Есептей білген ұтады», «Атамекен», «Жаралы жүрек», «Тағдыр», «Кертөлғау» атты көсемсөз және өлең кітаптары арқылы оқырмандар қауымына жақсы таныс еді.

Б.Шайманұлының кезекті бұл кітабына өз замандастары жайлы естеліктері мен толғаныстары және эсселері еніп отыр.

Оқырман қауым бұл кітап арқылы киелі де қасиетті қарт Қаратау баурайындағы шежірелі өлке құт дарыған құнарлы Созақ топырағынан түлеп ұшқан мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожанов, ғалым, академик Ісмет Кеңесбаев, әйгілі жазушылар Тәкен Әлімқұлов, Асқар Сүлейменов, Сәуірбек Бақбергенов, Жеңіс Қарғабаев, шертпе күйдің шебері, дәулескер күйші, Ұлы Отан соғысының ардагері Төлеген Момбеков, көрнекті кино режиссер Сатыбалды Нарымбетовтерден де басқа Созақтан шыққан саңлақтардың өнегелі өмір жолдары, шығармашылығымен, тағдыр-тарихымен кеңі-

нен таныса алады.

...«Бұл кітапты шығарудағы басты мақсатымыз-созақтық саңлақтарды ардақтау, насихаттау арқылы ұрпақтар сабақтасығына жол ашу. Сонымен қатар, тұлғаларымызды ұмыт қалдырмай, әркез ардақтап олардың халыққа, сіңірген елеулі еңбектеріне лайықты бағасын беру-кейінгі ұрпақтың қасиетті борышы екендігін еске салу еді. Ендеше адам атаулыны іс-әрекетіне қарап бағалау парызымыз десек, қағазға түспеген ой-жағалған қазына болар еді. Сондықтан да журналист ретінде әлеуметтік әділеттіліктің, адамгершіліктің жаршысы болуға тырыстық. Болашаққа үндейтін кітап қана өміршең болатыны аян. Олай болса, бұл бірінші кітапқа енбей қалған танымал тұлғаларға, келесі кітаптың кейіпкері болу үшін, алдағы уақытта да мәртебелеріңіз өсе берсін, киелі Созақтың шығармашыл зиялылары» деген еді Болат аға әңгіме арасында.

Тілі жатық та қарапайым бұл кітап жалпы оқырман жұртшылыққа, зиялы қауымға, ел зердесін жаңғыртушы зерттеушілерге арналған.

Мақсат ЖЕҢІСУЛЫ.



тық-ыстық қызыл шай ішіп ес жидым-ау әйтеуір. Содан кейінгі айтарым әу баста алдыңғы сөйлескен таксистіміз үйден-үйге дейін апарамыз деген, соған сеніп отыра бергенбіз. Мына Сағат дегені «жоқ, мен сіздерді Сайранда қалдырамын!» дейді. Әрқайсыңызды қалаған жеріңізге тасып жүретін уақытым да,

Өзімізге өзіміз істейміз

Алматыға, балаларға барамыз деп жүргенімізге біраз болған. «Еңбек демалысына шыға сала кетеміз» деп асығыстау айтып қойыппыз. Біраз күн түрлі жағдайлар себеп болып жүріп қалдық. Содан жолға шығуға ниеттеніп бір-екі күн қалғанда жұбайым Алматы-Шолақорған арасына қатынайтын «таксилерге» тапсырыс береді. Ол таксист адамы бізді Қанатқа береді, Қанат Таңатқа береді, Таңат Сағатқа лақтырады. Не керек межелі күні жолға шықтық. Құмкенттен асқан соң көлігі сигнал беріп шықылдай берді. Мен: «Інім-ау көлігің жылқы малын көрсе сигнал бере ме?»-дедім. Алдында да бір жылқылардың тұсынан өткенде шықылдаған.

–Жоқ, аға газы таусылып келе жатыр. Жайылмадан құйып аламын–деді. Не керек Жайылмада да газ жоқ. Байқадамда да жоқ. Ақкөлде де жоқ. Ассада да жоқ. Сол жерден амалсыз бензин құйып алды. Спидометрдің қалпақшасынан 150-180-ді көрсетіп жылдамдықты басады. Өзінің айтуына қарағанда салонның ішіне пісте шаққанды, жұмыртқа, пирожки жеген жолшыларды ұнатпайды екен. Лажы болса мінгізбеуге тырысады екен. Жас бала, ары кетсе отызға келген болу керек. Былайша алып-хшып тұрған секелек жастан асқан қой. Ауылдан шыққаннан ұялы телефон қолынан түскен жоқ. Ал жылдамдық сол баяғы -180-200 сағатына сай. Соны салонда отырған ешқайсымыз айта алмадық.

–Ей, балам, мына салонда елуден асқан, кісілер бар, жүрегі нашары бар, болашағы енді басталып келе жатқан өрімдей үш студент қыз бар. Жылдамдықты азайт, ұялы телефонды таста!–деп айта алмадық. Сонда өзімізге өзіміз істейді екенбіз ғой. Ақыры аударып, төңкеріп айдағанда;

–Қап, әкеңнің, автобуспен-ақ келе беруіміз керек еді,– деген ой келеді.

Алдындағы келе жатқан көлікке құйғытып келіп артпа-арт тірейді ғой. Ішінде отырып анау машинаның жүргізушісінің де реакциясын біліп отырмыз. Ол да жауап қайтарғысы келеді. Қойшы әйтеуір аман-есен жеттік. Көліктен түсіп үйге келгенде байқадым. Денем әбден жиырылып қалыпты. Ыс-

артық газым да жоқ!» деп тұр. Сол себепті таксиге мінер алдын бәрін шешіп алыңыздар. Әйтпесе түн ортасында Сайранда сандалып қаласыз. Айттым ғой өзімізге өзіміз істейміз.

Бір апта болдық. Енді ауылға қайтуымыз керек. Мен дайынмын ғой. Иыққа кәстемді ілемін де, жүре беремін. Үйдегі апайдың түйіншегі көп, бірін ашады, бірін түйеді. Тыным жоқ. Терезеден сыртқа қарап шай ішіп отырмын. Таңертеңгі уақыт. Күн бұлтты, түнде жауын сіркіреген сияқты. Ылғал, майда балалар қол шатыр ұстап алыпты. Жүргеншілердің көбі қалпақ киген, қалпақты сырт киім кигендер... Әне, анау қарсы беттегі екінші қабаттан бір әйел терезесінің пердесін сілкіп ашып, маған бетін қаратып көріліп тұр. Аузын кере есінеп, бұрылып кетті. Енді қалада осындай ғой... Үшінші қабаттағы ақ перделі үй жарық шамын жақты. Көмір түсіру керек, от жағу керек, малға шөп, ит аяғы итке ауқат салу керек деген ұғым жоқ. Кеше кешкісін үйдегі балалар «Қайраттың» ойынына барамыз деп жатыр еді. Қалада осындай ғой. Ауылда жас балалар болмаса аса доп құмайсың ғой. Мал қуасың, қозы-лақ қуасың, арасында телебездерге телміріп отыратындар бар.

Әне, сілбелеп қар түсе бастады. Көкпенбек шөптердің үстін ақша қарлар жартылай жауып жатыр. Асфальтке түскен қарлар еріп кетіп жатыр. Талдың жапырақтары да ақ мақта іліп алғандай баяу қалғи түсуде. Қартаңдау апа дүкеннен нан алып келе жатыр. Бір қолында таяғы бар. Ілбіп келеді. Қара күз. Қартаң апа, қар аралас қарбалас сәт. Жабыраңқы тірлік сияқты. Бірақ бұл да әдемі шақ. Жылдың бір мерзімі ғой, күз дегенің. Тал біткен ұйқылы ояу. Жаз бойы дыру думаннан шаршаған сияқты. Сылқия қар түссе, қатал қала мына қым-қуыт тірлікті қысқа тапсырмақ ниетте. Осылай Алматыға барып қайттық. Қайтар жолда көлік жүргізушіге «өткендегі шопыр бала жүдә қатты айдайды екен» деп қайта-қайта айтып отырдым. Жоқ тұдайға шүкір жақсы қайттық!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

«Ақылды саудагер»



Балалардың қаржылық сауаттылығын арттыруға, ақшаны үнемдеп жұмсауға, жинақтауға, еңбекті бағалауға және адал сауда жасауға тәрбиелеу мақсатында аудан орталығындағы «Ертөстік» бөбекжай-балабақшасында «Ақылды саудагер»

тақырыбында ерекше сабақ өтті. Аталған сабақтың балаларға пайдасы тәрбиеленушілердің байқағыштық, ойлау, салыстыру, есептеу қабілеттерін дамытып, саудадағы әділдік, сыпайылық, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады.

Сабақтың негізгі міндеті балаларға саудадағы әділдік ұғымын, бірлесіп әрекет етуді, көмек көрсетуді, тиын санау мен бағалау дағдыларын үйрету болды. Шара барысында балаларға арнайы дайындалған көрнекіліктер арқылы түсініктемелер берілді. Яғни ақша суреттері, әмияндар, ойыншық касса аппараттары, дүкен сөрелері мен себеттер, тәттілер және түрлі тауарлар.

Аталған шара «Нұршау» ересек тобында өтті. Шараны топтың тәрбиешілері Г.Қорғанова мен Б.Абеннова ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізді деуге болады. Сабақ балалар үшін өте қызықты өтіп, барлығы да жақсы көңіл-күйде болды. Мұндай шаралар балабақша қабырғасында жиі ұйымдастырылып отырады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:

Аға тілші:

Данияр БЕКОВ

Тілші

Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ

Дизайнер:

Асхан БАҚТЫБАЕВ

Терімші:

Бағила АЯЗБАЕВА

Фототілші:

Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3150 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев